



DEPARTMENT OF  
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Журналистика және саясаттану факультеті  
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of Journalism and Political Science  
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30  
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
9 сәуір 2021 ж.

---

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND  
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference  
on April 9, 2021

---

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И  
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной  
научно-практической конференции  
9 апреля 2021 г.

**Нұр-Сұлтан, 2021**

УДК 327(063)  
ББК 66.4 (0)  
С 69

**Редакционная коллегия:**

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан  
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан  
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия  
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан  
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

**«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».**  
Сборник материалов XI-Международной научно-практической  
конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

**ISBN 978-601-337-516-8**

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.*

**ISBN 978-601-337-516-8**

**© Кафедра политологии  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

жарияланымдарға шолу [Электрон.ресурс]. – 2010 – URL: <http://www.parlam.kz/ru/mazhilis/news-details/id310/2/1> (дата обращения: 25.11.2020)

6. 2011 - 2020 жылдарға арналған "Ақ бұлақ" бағдарламасын бекіту туралы [Электрон.ресурс]. – 2010 – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000570> (дата обращения: 22.11.2020)

7. Капалбаева Ж. «Ақбұлақ» бағдарламасына ауылдықтар дән риза – ОҚО [Электрон.ресурс]. – 2015 – URL: [https://www.inform.kz/kz/akbulak-bagdarlamasy-na-auyldyktar-dan-riza-oko\\_a2815459](https://www.inform.kz/kz/akbulak-bagdarlamasy-na-auyldyktar-dan-riza-oko_a2815459) (дата обращения: 23.11.2020)

8. Мыңжылдықтың Даму Мақсаттары, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрон.ресурс]. – 2020 – URL: [https://stat.gov.kz/official/sustainable\\_development\\_goals/archive/millennium\\_development\\_goals](https://stat.gov.kz/official/sustainable_development_goals/archive/millennium_development_goals) (дата обращения: 23.11.2020)

9. Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарын іске асыру туралы қысқаша ақпарат [Электрон.ресурс]. – 2017 – URL: [https://egov.kz/cms/kk/articles/development\\_goals](https://egov.kz/cms/kk/articles/development_goals) (дата обращения: 21.11.2020)

10. ҚР-ғы Тұрақты даму мақсаттары [Электрон.ресурс]. – 2020 – URL: <https://egov.kz/cms/kk/zur> (дата обращения: 23.11.2020)

11. Қазақстан Республикасында халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету [Электрон.ресурс]. – 2020 – URL: <https://kazstat.github.io/sdg-site-kazstat/6-1-1/> (дата обращения: 24.11.2020)

12. Жиёмбай М. 2040 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12 текше шақырымды құрауы мүмкін –Мырзағалиев [Электрон.ресурс]. – 2020 – URL: [https://lenta.inform.kz/kz/2040-zhylga-karay-kazakstandagy-su-tapshylygy-12-teksh-shakryrmydy-kurauy-mumkin-myrzagaliyev\\_a3608325](https://lenta.inform.kz/kz/2040-zhylga-karay-kazakstandagy-su-tapshylygy-12-teksh-shakryrmydy-kurauy-mumkin-myrzagaliyev_a3608325) (дата обращения: 23.11.2020)

**Турханова А.Ж., Булат А.Ө.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ**

**Abstract.** The article discusses the problems of cybersecurity issues in Kazakhstan. The importance of cybersecurity for the state is emphasized in the framework of the National Security Strategy.

**Key words:** cybersecurity, Internet, information security.

Жаһандану кезеңінде ұлттық және экономикалық қауіпсіздік күнделікті өмір, тұрақты, қауіпсіз киберкеңістікке тәуелді.

Киберкеңістік және оның негізгі инфрақұрылымы физикалық және киберқауіптерге осал болып келеді. Кибер-қылмыскер мен қылмыстық топтар ақпарат пен материалдық мүлік көздерін ұрлау мақсатында негізгі мемлекеттік маңызды қызметтердің жұмысын бұзу, жою немесе қауіп-қатерге душар ету мүмкіндіктерін пайдаланады.

Қазіргі таңда "қауіпсіздік" ұғымы үш түрлі тәсілдердің призмасы арқылы қарастырылады: 1) қауіптің болмауы, 2) қауіпсіздік 3) жүйенің тұрақтылығы. Ақпараттық кеңістіктің ерекшелігі қауіптің болмау тәсілін орынсыз етеді. Ақпараттық қауіпсіздікті сақтау мәселесі есептеу желілерінің, аумақтық бөлінген жүйелердің және бірлесіп пайдаланылатын ресурстарға қашықтан қол жеткізу жүйелерінің дамуы мен таралуына байланысты аса күрделі

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

болып табылады. Тікелей шабуыл жасалғанда нақты қай жерден жүргізілуін анықтау және дереу алдын-алу шараларын жүргізу қиын.

Киберқауіпсіздік мәселелері Қазақстан үшін мемлекеттің егемендігін, қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономика мен әлеуметтік саланы тиімді дамыту факторы ретінде стратегиялық маңызы бар салалардың бірі болып табылады. Қазақстан киберқауіпсіздік деңгейі бойынша БҰҰ рейтингінде 40-шы орында тұр, бұл ретте халықтың киберқауіпсіздік қатерлері туралы хабардар болу деңгейі 63% - ды құрады [1]. 2021 жылғы қаңтарда 3 мыңнан астам кибершабуылдардың 2,7 мыңы ботнеттерге — компьютерлерді зиянды бағдарламалық жасақтамалар арқылы олардың иелерін хабардар етпей-ақ зиянкестердің одан әрі пайдалануы үшін зақымдауға келеді. Қатерлі ботнеттер саны бір жылда 3,2 есеге өсті. Сонымен қатар, сарапшылар бүкіл әлемде, атап айтқанда Қазақстанда онлайн-алаяқтықтың белсенді өсуін атап өтуде. Алаяқтықтың ең көп таралған схемасы – фишинг, оның мақсаты деректерді алу болып табылады: логиндер, парольдер, банкингке қол жеткізу. Алаяқтар банктердің, ірі ұйымдардың, интернет-дүкендердің және танымал қызметтердің ұқсас сайттарын жасап, пайдаланушыларды фишингтік сайттарға тартады. Алаяқтар меншік иелерінің электрондық мекен-жайларын алып, пайдаланушылардың бағалы сыйлыққа ие болғаны туралы хаттар жібереді, ал сыйлық алу үшін банк картасының деректерін жіберуін сұрайды.

Мемлекеттік деңгейде ақпараттық қауіпсіздік деңгейін сақтау ең маңызды мақсаттардың бірі болып табылады. Сондықтан, Елбасы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына Жолдауында Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы ("Қазақстанның киберқалқаны") бекітілген болатын [2].

Жоба 2017-2022 жылдар аралығында жүзеге асырылуда. Жобаның негізгі мақсаты барлық мемлекеттік органдарды цифрландыру жұмысын жүргізу.

Киберқалқан-бұл тұтас шаралар кешені, Ақпараттық қауіпсіздік саласында мемлекеттік органдар іске асыратын аппараттық-бағдарламалық кешендер мен жобалар жиынтығы. Киберқауіпсіздікке қол жеткізу үшін бірқатар тапсырмаларды орындау қажет:

- халықтың киберқауіпсіздік қауіптері туралы хабардарлығын арттыру;
- "ақпараттық қауіпсіздік жүйелері" мамандығы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға гранттарды ұлғайту;
- кәсіптік стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын жаңарту;
- ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы кәсіби стандарттарды өзектендіру;
- халықаралық стандарттарды үндестіру, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік саласындағы ұлттық стандарттарды өзектендіру және әзірлеу;
- киберқауіпсіздік саласында қазақстандық компанияларды дамыту;
- ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарын құру.

Сонымен қатар, Компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметі бар. Бұл компьютерлік қауіпсіздік қатерлерінің алдын алуда пайдаланушыларға кеңес беру және техникалық қолдауды, компьютерлік инциденттер бойынша ақпаратты жинау мен талдауды қамтамасыз ететін, ұлттық ақпараттық жүйелер мен Интернет сегментін пайдаланушыларға арналған бірыңғай орталық. Қызметтің құзыретіне оларды анықтау және бейтараптандыру мақсатында келесі компьютерлік инциденттерді өңдеу кіреді:

- парольдер мен басқа да аутентификациялық ақпаратты ұстау,
- ақпараттық желілерді қорғау жүйелерін бұзу,
- ақпараттық желілер мен хосттарды сканерлеу,
- ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз қол жеткізу,
- желілік инфрақұрылым тораптары мен серверлік ресурстарға шабуылдар.

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

Қазіргі таңда, Қазақстан электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша БҰҰ рейтингінде 193 елдің ішінде 29-орында. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде алдағы 5 жыл ішінде ҚР-ның барлық облыс орталықтары мен Республикалық маңызы бар қалалары «5g» жабынымен қамтамасыз етілу жоспарлануда [3].

Қазақстанда электрондық коммерция саласы жылдам қарқынмен дамыды. Электрондық коммерцияның дамып келе жатқан сегменті туристік болды, оған әуе және теміржол билеттерін сатып алу және қонақүйлерді брондау қызметтері кіреді. Басқа секторлар киім мен тұрмыстық техниканы сату болды. Басқа қарқынды дамып келе жатқан салалар мобильді төлемдер, коммуналдық төлемдер, мүлікке салық салу және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдар болды.

Электрондық коммерция мен электрондық үкіметтің осындай қарқынды дамуы Қазақстанда Интернетке қол жеткізуді кеңейтудің нәтижесі болып табылады. TNS веб-индексінің деректеріне сәйкес, Интернет Қазақстандағы бірден-бір өсіп келе жатқан медиаарна болып табылады, оның қамтылуы баспасөздің қамтылуынан 2 есе артық [4].

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуде хакерлердің де көмегі тиеді. Мысалы, «БагБаунти» жобасы бойынша сыйақы үшін қызметтер мен қосымшалар қауіпсіздігінде табылған осалдықтар туралы есеп беріп, жіберуге мүмкіндік береді. Bugbounty.kz сайтының көмегімен Қазақстанның мемлекеттік ұйымдары мен бизнес-компаниялары веб - ресурстарының сыни тұрғыда осал тұстарын тауып, оларды жоя алады және олардың тұтастығын сақтай алады. Мұны «этикалық хакерлік» деп атайды.

Этикалық хакерлерде Қазнеттің табылған осалдығы үшін сыйақы алу, портфолио құру және ақпараттық технология қоғамдастығында өзіне ат қою мүмкіндігі пайда болады. Есептерден алынған ақпарат Қазнеттің желілері мен қосымшаларын қорғау, қауіптерді азайту және осалдықтарды жою мақсатында пайдаланылатын болады.

Мемлекеттік ресурстардан басқа, осы бағдарламаға жетекші айты компаниялар да қосылады.

Қазақстанда Интернет ұсынатын инфрақұрылым айтарлықтай дамыды. Жылдамдықтың артуы, мобильді Интернетке қол жеткізу және жеделдету шығындарының төмендеуі байқалды. 2020 ж. Қазақстанда Интернетті пайдаланушылар саны 84,2% құрады. Елімізде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде "Қазақтелеком" АҚ талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу бойынша жоба іске асырылуда, оның шеңберінде 500 адамнан тұратын халқы бар 828 ауылда мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдар оптикалық талшыққа қосылатын болады. Осылайша, Интернетке қол жетімді азаматтардың үлесін арттыру жөніндегі күш-жігер жоғарыда аталған басқа көрсеткіштермен салыстырғанда ең тиімді болып табылатындығын мойындау керек.

Пандемия кезеңінде қызметкерлердің қашықтағы жұмыс орындарына шабуылдардың саны артып келеді. Қашықтан жұмыс істеуге жаппай көшуге байланысты жақын арада компаниялар корпоративтік шоттарды бұзу және қашықтан қол жеткізу жүйелеріндегі осалдықтарды пайдалану әрекеттерінің өсуіне тап болуы мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында құпия сөз саясаты мен бағдарламалық жасақтаманы үнемі жаңартып отыру компаниялар үшін өте маңызды. Сондықтан, мемлекеттік органдар, банктер, мемлекеттік маңызы бар ұйымдар жеке IT-компанияларымен серіктестік жүргізу арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады. Мысалы, ЦАРКА, Kazdream (КиберСтраж жобасы) т.б. IT-компаниялары кибершабуылдарды, компьютерлік қылмыстарды талдау және алдын алу, ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне шұғыл ден қою жұмыстарын жүргізеді.

Ішкі қауіпсіздіктен бөлек, аймақтық қауіпсіздік те үлкен маңызға ие.

2018 ж. ҚР РФ Орталық Банкімен киберқауіпсіздік жөнінде келісімге келген болатын. ЕАЭС шеңберінде бұл салада жасалған алғаш келісім болатын. Екі жақты ақпарат алмасу Ресей мен Қазақстанның қаржы жүйелерінің қатысушыларына қарсы бағытталған шабуылдарды алдын-алуға мүмкіндік береді.

2019 ж. Қазақстан Президенті Қасымжомарт Тоқаев Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) саммитінде ШЫҰ-ның ақпараттық қауіпсіздік орталығын құру

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

бастамасын көтерді. Ол өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінің өзектілігін атап өтті. Сонымен қатар, Тоқаев ШЫҰ-ның заманауи технопарктерінің пулын қалыптастыру бастамасын көтерді. Транзиттік-көлік альянсын құру мақсатында ол ШЫҰ - ның бақылаушы мемлекеттері арасынан ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің теміржол әкімшіліктері басшыларының Нұр - Сұлтан қаласында жоспарланып отырған екінші кездесуіне мүдделі әріптестерді тартуды ұсынды.

Сонымен қатар, 2021 ж. ақпанда Алматыда өткен жыл сайынғы "Digital Almaty 2021 — цифрлық қайта жүктеу: жаңа болмысқа серпіліс" халықаралық форумында Еуразиялық экономикалық одақ аясында оқушылар мен студенттер үшін жаңа технологиялар мен жасанды интеллект саласында мемлекеттік емес білім беру бастамасын іске қосуды ұсынды. Қасым-Жомарт Тоқаев Назарбаев Университетінің базасында Дүниежүзілік банкпен бірлесіп жасанды интеллекттің ұлттық кластері құрылатынын, деректерді өңдеу орталықтары іске қосылатынын, дәрі-дәрмектерді таратудың ұлттық жүйесі және құжаттар базасын электрондық форматта заңды түрде тану енгізілуге дайындалып жатқанын айтты. 2021 ж. бастап бірнеше ЖОО оқытудың гибридік форматын қамтамасыз ету үшін қашықтықтан оқытудан басқа, Examus шешімінің көмегімен онлайн емтихан тапсыру жүйесін енгізді.

2016 ж. Қазақстанның қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтерінің бөлімшелері ТМД елдерімен бірге ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы орталығының Үйлестіру штабының басшылығымен кибертерроризм актілерін анықтауға және алдын-алуға бағытталған келісілген жедел-іздістіру іс-шараларының кешенін өткізді.

Аса маңызды инфрақұрылым объектісіне компьютерлік DDoS-шабуылдарды анықтау және алдын алу бойынша оқу міндеттері шешілді; зиянды бағдарламалық жасақтамаларды ("Криптолокер") енгізу жолымен оның басқару жүйесін тұрақсыздандыру әрекеті алдын алынды; шартты кибертеррористерді бір мезгілде ұстау жүзеге асырылды.

Қорытындылай келе, ҚР соңғы онжылдықта ақпараттық қауіпсіздік шеңберінде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Қазақстанда киберқауіпсіздік саласын дамытудың негізгі тұжырымдамалық тәсілдері әзірленді. "Қазақстан киберқалқаны" киберқауіпсіздік тұжырымдамасы, сондай-ақ бірқатар заңнамалық актілер мен салалық бұйрықтардың үлкен саны әзірленіп, бекітілді. Бұдан басқа, зиянды кодты зерттеу бойынша сынақ зертханалары құрылды, ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығы іске қосылды, осы мамандық бойынша гранттар саны артты және т. б.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://primeminister.kz/ru/news/premer-ministr-rk-a-mamin-provel-zasedanie-komissii-pri-prezidente-rk-po-voprosam-vnedreniya-cifrovizacii-255041>
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000407>
3. <https://www.zakon.kz/5056937-kazahstan-zanyal-29-mesto-v-reytinge.html>
4. <https://forbes.kz/stats/internet-auditoriya-kazahstana-portret-i-predpochtaniya-polzovatelya/>